


Түркістан облысы білім басқармасы
«Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Жылдық жоспар

Кітапханашы:  Д.Тасмурзаева

2023-2024 оқу жылы

Бекітемін
Мектеп-интернат директорының
міндетін уақытша атқарушы:

М. Абдиев

2023 ж.

Кітапхана жұмысының мақсаты:

Оқушыларды кітапты сүйеге, оны күтіп, таза ұстауға тәрбиелеу, кітаптың адам өміріндегі аса маңызды рөлін түсіндіріп, оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.

Мектеп кітапханасының негізгі қызметі.

1. Білім беру қызметі. Мектептің қалыптасқан тұжырымдамасы мен оның бағдарламасына орай, білім беру мақсатын қамтамасыз ету әрі қолдау.

2. Ақпараттық қызметі. Оқушылар мен мұғалімдердің оқырмандық сауалдарын қанағаттандыру, түрлі бағыттағы ақпараттарды пайдалануға мүмкіндік туғызу.

3. Тәрбиелік қызметі. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуын қалыптастыруға мүмкіндік туғызу, азаматтық тұрғыдан, интернационалдық және Отан сүйгіштік тұрғысынан тәрбиелеу.

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процесстің өзегі бола отырып, тәрбие жұмысының барлық бағытары арқылы өтеді.

Кітапхана жұмыстарының негізгі бағыттары:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Кітапхана оқырманындарына ақпараттық-мәдениет пен оқу мәдениеті әдептерін қалыптастыру;

Дәстүрлі технологияларды жетілдіру және технологияларды 2023-2024 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары алға қойылған мақсаттарды орындауға және тәрбиенің 8 бағытын іске асыру мүмкіндігін ескере отырып құрастырылды.

Мектеп кітапханасының мақсаттары мен міндеттері:

Мектеп кітапханашыларының басты міндеті- оқушыларды оқулықпен толық қамтамасыз ету, оқырмандардың назарын кітап оқуға аудара отырып оқырман санын арттыру, оқырманның уақытын тиімді ұтымды ұйымдастыру.

Оқу- тәрбие үрдісінде мұғалімдер мен оқушыларды кітапханалық-библиографиялық және ақпараттық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету;

Оқушыларда тәуелсіз кітапхана оқырманның, ақпараттық- мәдениет пен оқу мәдениеті әдеттерін қалыптастыру;

Дәстүрлі технологияларды жетілдіру және жаңа технологияларды меңгеру.

Кітапхананың негізгі қызметтері:

Білім беру;

Ақпараттық;

Мәдени;

Оқырмандарға қызмет көрсету жұмысының өткізілуі:

Жаңа оқырмандарды тарту, кітапхананы жарнамалау;

Оқырман қызығушылығын оқып-ілу;

Оқырман формулярына сараптама;

Анықтама, мәлімет беру.

Педогогикалық ұжыммен келесі жұмыстарды жүргізу;

Ақпарат күндерін ұйымастыру;

Жаңадан түскен кітаптарға шолу жасау;

Мұғалімдердің білімін жетілдіруге көмек көрсету;

Педогогикалық кеңес, семинарларға қатысу;

Сынып сағаттарын өткізу;

Пән апталықтарына қатысу;

Дарынды балалармен жұмыс жүргізу.

Кітап қорын сақтау жұмысы;

Кітап қорының сақталуын қамтамасыз ету;

Мұғалімдермен, оқушылармен бірлесіп оқулықтарды тексеру рейдтерін жүргізу;

Оқушылардың қатысуымен, көмегімен оқулық қорын жөндеу жұмыстарын жүргізу;

Ай сайын тазалық күнін өткізу, ескірген кітаптарды түптеу;

Қорды ескірген, тозған кітаптарды тазарту жұмыстарын жүргізу.

Толықтыру, жинақтау жұмысы:

Жаңа кітаптарды қабылдап алу;

Кітапхана қорына есеп жүргізу;

Қордың орналасуын тексеру

Хаттау, санау жүргізу.

Мектеп кітапханасының іс- номенклатурасының құжаттары болуы керек:

Кітапхананы пайдалану ережесі;

Кітапхананың жұмыс жоспары;

Кітапхана жұмысына есеп беру;

Оқулықтарды есепке алу құжаттары (оқушылардың тізімдері, оқу қорының картотекасы, оқу қорының тіркеу карточка журналы)

Ағымдағы басылымдарға жазылуы рәсімдеуі туралы құжаттары;

Кітаптарды және оқулықтарды есептен шығару актілері;

Кітапхана қорына есеп жүргізудің түгендеу кітабы;

Оқулық қорының соммалық кітабы;

Оқырмандардың жоғалтқан және орнына қабылданған әдебиеттерді тіркеу кітабы;

Берілген оқулықтарды тіркеу журналы;

Оқырман формулярының қайта тіркеу журналы және қашықтықтан оқытуға орай формулярмен жұмыс

Оқырмандардың формулярлары.

Оқулыққа байланысты жүргізілетін жұмыстардың түрлері.

1. Оқу жылының басында сынып жетекшілерімен біріге отырып, 7-11 сыныптарды оқулықпен қамтамасыз ету.

2. Оқулықтардың таза ұсталуын сынып жетекшілермен оқушылардан үнемі талап етіп отыру.

3. Оқулықтардың тазалығын айына бір рет, оқушылармен ұйымдасқан активтермен біріге тексеріп отыру.

4. Жыл бойына оқулықтарды таза ұстаған оқушылардың оқулықтарын суретімен «Сіздерге рахмет» атты көрмеге қою.

5. Оқулықтарды таза ұстауға сынып аралық жарыстар ұйымдастыру.

6. Жыртылған оқулықтарды « Кітап емханасынан» өткізу, түптеу.

7. Кітабыңды күтіп ұста! - деген тақырыпта еркін әңгімелесу.

8. « Кітап – білім бұлағы» атты ертеңгілік төменгі сынып мұғалімдерімен бірігіп өткізу.

9. Білім бөлімінен бөлінген оқулықтарды дер кезінде алып, кітапхана есеп кітабына тіркеп, белгілеп отыру керек.

10. Кітапхана қорынан көнерген, жыртылған оқулықтардан, оқу бағдарламасы ескірген, оқуға жарамсыз әдебиеттерден тазартып отыру.

Көпшілік жұмыстары. Кітаптарды насихаттау

Мектеп кітапханасында көпшілік жұмыстарының келесі түрлері ұйымдастырылып өткізілуі керек:

Әдебиеттік кештер;

Сынып сағаттары;

Әңгімелер;

Әдебиет шолулары.

Біліктілік арттыру

-Облыстық, аудандық семинарларға онлайн арқылы қатынасу;

Кәсіби басылымдардағы ақпаратты игеру;

Кәсіби ағымдағы басылымдарда, интернет сайттарда озық тәжірибе мақалаларды жариялау

-Басқа кітапханалармен онлайн арқылы тығыз байланыста жұмыс істеу;

-Бес жылда бір,білімді жетілдіру курсынан өту.

Оқулықтар қорымен жұмыс

Р/с	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Сынып	Жауапты
1	Оқулықтарды сыныптар бойынша бөліп тарату. Жаңадан келіп түскен оқулық кітаптарды тіркеу, қордағы кітаптарға тазалық жұмыстарын жүргізу. Жиынтық түгелдеу есебі кітабы және кітапхана қорындағы мектеп оқулықтарының есебі кітабына тіркеу. Тіркеме құжатты Білім бөліміне өткізу	қыркүйек	7-11 сыныптар	Кітапханашы
2	Оқушыларға кітапхананы пайдалану ережесі туралы түсінік беру. Кітапханаға саяхат.	қыркүйек	7-11 сыныптар	Кітапханашы
3	Кітапханаға келген оқырмандарды тіркеу. Формуляр толтыру.	қыркүйек	7-11 сыныптар	Кітапханашы
4	Кітапхананың жұмыс күнделігін толтыру. Әр айдың соңында айлық қорытындысын есептеу.	Жыл бойы		Кітапханашы
5	Білім басқармасына есеп беру	қыркүйек		Кітапханашы
6	Мұғалімдерге жаңа оқу жылында келіп түскен әдістемелік нұсқаулықтар мен электронды нұсқаға бұрыш ұйымдастыру. Баспасөз бетін қадағалау. Журналдар мен газеттер туралы хабардар беру.	қыркүйек		Кітапханашы
7	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында әдеби және ертегі кітаптарға кітап көрмесін жасау. Оқырмандарға таныстыру, насихаттау жұмыстарын жүргізу.	Жыл бойы	7-11 сыныптар	Кітапханашы
8	«bookcrossing» Өзің оқы да өзгеге ұсын жобасын насихаттап кітап көрмесін жасау	Жыл бойы		Кітапханашы
9	Жаңадан келіп түскен әдеби кітаптарды Мүлік кітабы және кітапхана қорының	Қыркүйек		Кітапханашы

	күн есеп кітабына тіркеу. «Жаңа кітаптар әлемі» тақырыбында кітап көрмесі. Библиографиялық шолу			
10	«Бір ел-бір кітап» акциясы бойынша Төлен Әбдіктің шығармаларын насихаттау	Жыл бойы	7-11 сыныптар	Кітапханашы
11	5 қыркүйек Тілдер күніне орай «Тілім-менің тірегім!» Поэтикалық марафон	Қыркүйек	7-11 сыныптар	Кітапханашы
12	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушыларды кітап оқуға баулу, әр түрлі жастағы балаларға арналған кітаптармен таныстыру, оқу сағатын өткізу.	Жыл бойы	7-11 сыныптар	Кітапханашы
13	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «С Торайғыровтың туғанына 130 жыл» күніне орай әдеби кеш	Қазан	7-8 сыныптар	Кітапханашы
14	Ақын, ойшыл Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл (1093-1116) кітап көрмесі	Қазан	7-11 сыныптар	Кітапханашы
15	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Абай Құнанбаев «Абай тақырыбы- мәңгілік тақырып» Поэзия кеші	Қазан	7-10 сыныптар	Кітапханашы
16	Энциклопедиялар, сөздіктер, анықтамалар туралы түсінік беру.	Қазан	7-11 сыныптар	Кітапханашы
17	25-қазан Республика күніне орай «Әлем таныған Қазақстан» атты іс шара кітапханада	Қазан	7-10 сынып	Кітапханашы
18	Күзгі демалыста «Кітап оқы» марафоны	Қазан	7-11 сыныптар	Кітапханашы
19	Кітапханаға кітап сыйла акциясын өткізу.	Жыл бойы	Барлық сыныптар	Кітапханашы
20	Қазақ халық ақыны, тарихшы, этнограф, аудармашы, танымал халық ауыз әдебиетін жинаушы Машһүр Жүсіптің туғанына 165 жыл шығармаларымен танысу кеші	Қазан	7-11 сыныптар	Кітапханашы
21	«Бір апта-бір кітап» оқушыларға әдеби кітаптар насихаттау. «Оқуға құштар- мектеп» жобасы аясында библиографиялық шолу	Жыл бойы	7-10 сыныптар	Кітапханашы
22	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында халық жазушылары М.Әлімбаев және Т.Ахтановтың туғанына 100 жыл толуына орай шығармаларын	қазан	7-11 сыныптар	Кітапханашы

	насихаттау. Көрме			
23	«Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық компаниясы «Біз бақытты баламыз» Сұрақтар мен жауаптар кеші	Қараша	Барлық сыныптар	Кітапханашы
24				
25	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітап-ақыл ойдың қазынасы» С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» шығармасын талқылау	Қараша	7-10 сыныптар	Кітапханашы бастауыш жетекшілері
26	Салауатты өмір салты бағыты бойынша «Біз нашақорлыққа қарсымыз» кітап көрмесі	Желтоқсан	7-11 сыныптар	Кітапханашы
27	«Оқуға құштар-мектеп» жобасы аясында «Абай дана-Абай дара қазақта» Абай оқулары, шығармаларына шолу	Желтоқсан	7-10 сыныптар	Кітапханашы
28	16 желтоқсан Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күніне орай Тәуелсіздік құрбандарын еске алу кітап көрмесі	Желтоқсан	7-11 сыныптар	Кітапханашы
29	«Оқуға құштар-мектеп» жобасы аясында Қазақтың батыры және ақына Махамбет Өтемісұлының туғанына 220жыл Танымдық сағат	Желтоқсан	7-8 сыныптар	Кітапханашы
30	«Қалың қалай оқулық?» оқулықтарға рейд жүргізу	Қаңтар	7-11 сыныптар	Кітапханашы
31	«Оқуға құштар-мектеп» жобасы аясында Қысқы демалыста кітап оқу марафоны	Қаңтар	7-8 сыныптар	Кітапханашы
32	«Өнеге болса-бала көрікті» сынып болып бір шығарманы оқу, талқылау	Қаңтар	7-8 сыныптар	Кітапханашы
33	«Оқуға құштар-мектеп» жобасы аясында Оқыған кітаптарын талқылау, талдау.	Ақпан	7-10 сыныптар	Кітапханашы
34	«Оқуға құштар-мектеп» жобасы аясында «Жырлайды жүрек» М.Мақатаевтың олеңдерін мәнерлеп оқу сағаттары	Ақпан	7-4 сыныптар	Кітапханашы
35	«Оқуға құштар-мектеп» жобасы аясында «Сиқырлы кітап-Волшебная книга» шығармалар оқу, талқылау	Наурыз	7-сынып	Кітапханашы бастауыш жетекшілері
36	8-Наурыз Халықаралық қыз-келіншектер мерекесіне орай «Анаға мың тағзым» атты жыр кеші	Наурыз	7-8 сыныптар	Кітапханашы
37	«Елдігімнің айнасы, салт - дәстүрім» кітап көрмесі, танымдық сағат	Наурыз	9-11 сыныптар	Кітапханашы
38	«Туған өлкем, неткен көркем!»	Наурыз	7-11	Кітапханашы

	Кітап, сурет көрмелері		сыныптар	
39	Қарызы бар оқушыларды анықтау мақсатында оқу формулярын қарау (сынып жетекшімен жұмыс)	Ай сайын	Кітапхана	Кітапханашы
40	Ескірген оқулық және әдеби кітаптарды қордан тазалап отыру.	Жылына 1 рет		Кітапханашы
41	2 сәуір Халықаралық балалар кітап күні «Әлемдік мәдениет-кітапта» зияткерлік ойын	Сәуір	7-10 сыныптар	Кітапханашы
42	«Ғарышқа түрен салған қыран қазақ» Тоқтар Әубәкіров туралы мәліметтер	Сәуір	7-9 сыныптар	Кітапханашы жетекшілер
43	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 23-сәуір авторлық құқық және кітап күніне орай «Ең үздік оқырман» сайыс ✓	Сәуір	7-11 сыныптар	Кітапханашы
44	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Ұлы даланың-ұлы есімдері» оқырман конференциясы	сәуір	7-10 сыныптар	Кітапханашы
45	«Мың мамандық бәрі бар, Таңдап, талғап бірін ал» мектеп бітіруші түлектерге арналған бұрыш	Сәуір	9-11 сыныптар	Кітапханашы
46	1 мамыр-Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай «Халықтар достығы-бірлікте» кітаптар көрмесі	мамыр	Кітапхана	Кітапханашы
47	Кітаппен өткен демалыс қызық. Көркем әдебиетті насихаттау.	мамыр	7-8 сыныптар	Кітапханашы
48	9 мамыр- Ұлы Жеңіс күніне орай «Желбіре, Жеңіс жалауы!» мұғалімдерге, оқушыларға көмек , кітап көрмесі	Мамыр	7-11 сыныптар	Кітапханашы
49	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман эпопеясына – 80 жыл Оқырман конференциясы	Мамыр	9-10 сыныптар	Кітапханашы
50	Оқырмандармен жұмыс. Оқулықтарды және көркем әдебиеттерді қабылдау, есебін алу.	Мамыр	7-11 сыныптар	Кітапханашы

**«Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты»
кітапханасының
«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында
2023-2024 оқу жылында атқарылатын іс-шаралар
ЖОСПАРЫ**

Түркістан облысы адами әлуэтті дамыту білім басқармасының 30.11.20 жылғы №08/3717 хатында көрсетілген тапсырмасын орындау мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жоба аясында жоспар құрылды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасының мақсаты:

Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынтасын арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету;

Кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру;

Оқушыларды әдеби кітаптарды оқуға насихаттау арқылы олардың кітап оқуға сүйіспеншілігін арттыру.

«Оқуға құштар мектеп» жобасының міндеттері:

- Мектеп оқушыларының кітап оқу белсенділігін дамыту
- Мектеп оқушыларының оқырман белсенділігі және оқырман біліктілігін дамытуға бағытталған өзара байланысты жоба жүйесін қалыптастыру.
- Отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғырту
- Жас ұрпақтың өскелең талабын қанағаттандыруда, рухани байлығын, жалпы ой өрісін дамытуда, жоғары эстетикалық талап-талғамын қалыптастыруда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы — кітап екенін түсіндіру
- Оқушылардың оқырмандық мәдени тәрбиесін, көркем әдебиетке, кітапқа деген қызығушылығын дамыту, қолдану

Күтілетін нәтиже: Оқыған кітаптарынан алған әсерлерімен көпшілік алдында бөліседі, оқырмандарды шабыттандырады.

Орта буын сыныптарда оқушылардың оқу дағдысын, оқу сауаттылығын қалыптастыру, тақырып бойынша эссе жазуға дағдыландыру.

Жоғарғы сынып оқушыларын әдеби - классик жазушылардың шығармаларын оқуға тарту, оқыған кітабын жарнамалауға, насихаттауға дағдыландыру.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында өткізілетін іс-шаралар


№	Тақырыбы	Өткізілу түрі	Мерзімі	Жауапты

1	«Өзің оқы да және өзгеге сыйла»	Буккросинг	Жыл бойы	Кітапханашы
2	«Бір ел-бір кітап» акциясы бойынша Төлен Әбдіктің шығармаларын насихаттау	Танымдық сағат	Қазан	Кітапханашы
3	5 қыркүйек Тілдер күніне орай «Тілім-менің тірегім» Поэтикалық марафон	Марафон	Қазан	Кітапханашы
4	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушыларды кітап оқуға баулу, әр түрлі жастағы балаларға арналған кітаптармен таныстыру, оқу сағатын өткізу	Кітапханаға саяхат	Қазан	Кітапханашы
5	Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл кітап көрмесі	Кітап көрмесі	Қазан	Кітапханашы
6	Энциклопедиялар, сөздіктер, анықтамалар туралы түсінік беру.	Ақпараттық сағат	Қараша	Кітапханашы
7	Кітапханаға кітап сила акциясын өткізу	Акция	Жыл бойы	Кітапханашы
8	Қазақ халық ақыны, тарихшы, этнограф, аудармашы, танымал халақ ауыз әдебиетін жинаушы Машһүр Жүсіптің туғанына 165 жыл шығармаларымен танысу кеші	Әдеби кеш	Қараша	Кітапханашы
9	«Бір апта-бір кітап» оқушыларға әдеби кітаптар насихаттау.	Сыныппен кітап оқу сағаты	Жыл бойы	Кітапханашы Сынып жетекшілер
10	М.Әлімбаев және Т.Ахтановтың туғанына 100 жыл толуына орай	Әдеби кеш	Қараша	Кітапханашы
11	Сұлтанмахмұд Торайғыровтың «Қамар сұлу» шығармасын талқылау.	Танымдық сағат	Желтоқсан	Кітапханашы
12	Абай дана- Абай дара қазақта Абай оқулары, шығармаларына шолу	Кітапханалық іс шара	Желтоқсан	Кітапханшы
13	Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл толуына орай	Әдеби кеш	Қаңтар	Кітапханашы
14	Қысқы демалыста кітап оқу марафоны	Марафон	Қаңтар	Кітапханашы Сынып жетекшілер
15	Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін мәнерлеп оқу «Жырлайды жүрек»	Әдеби кеш	Ақпан	Кітапханашы
16	«Өнеге болса-бала көрікті» Сынып болып бір шығарманы оқу, талқылау.	Байқау	Ақпан	Кітапханашы
17	2 сәуір Халықаралық балалар кітап күні «Әлемдік мәдениет-кітапта» Зияткерлік ойын	Зияткерлік ойын	Сәуір	Кітапханашы
18	«Ұлы даланың –ұлы есімдері	Ақпараттық сағат	Сәуір	Кітапханашы
19	«Абай жолы» роман-эпопеясын	Танымдық	Мамыр	Кітапханшы

	талқылау	сағат		
20	Кітаппен өткен демалыс қызық. Оқушыларға көркем әдебиетті насихаттау	Кітап көрмесі	Мамыр	Кітапханшы

**Төлеби ауданының мамандандырылған
мектеп-интернат кітапханасының**

«Оқуға күштар мектеп» жобасының ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ



Кітапханашы: Д.Тасмурзаева

2022-2023 оқу жылы

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы
«Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты»
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты
кітапханасының
2023-2024 оқу жылының есебі

2023-2024 оқу жылы

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатының екінші қабатында 27,4 м² орынды алатын кітапхана бар.

Кітапхана туралы мәлімет:

1. Кітапхана 0-2 қабатта орналасқан.
2. Жалпы алаңы 27,4м².
3. Абонемент бар.
4. Оқу залы бірге
5. Оқырман орны -8
6. Кітап қоймасы бар.

Кітапханашы туралы мәлімет:

1. Кітапхана штаты-1
2. Кітапханашы: Жулумбетова А. Білімі жоғары.

Мектеп-интернат кітапханасы оқырмандардың талабын қанағаттандыруда, рухани байлығы мен жалпы қабілетін дамыту және жоғары эстетикалық талғамын қалыптастыру міндеттерін іске асыруда, кітап қорының тұтастай оқырмандар сұранысында болуында ықпал жасап, көптеген жұмыстар ұйымдастырады. Оқырмандарға кез келген ақпаратты нақты тауып, дұрыс бағыт беру жаңа ақпараттық технологиялармен жұмыс істейді.

Кітапхана жұмысының бағыттары:

Оқырмандарды оқу материалдарымен қамтамасыз ету;

Оқырманның қызығушылығын, қажеттілігін анықтау;

Кітапхана мақсаты мен міндеттері:

Мектеп бағыты мен ерекшелігіне сай оқу-тәрбие ісін толық қамтамасыз ету мақсатында кітап қорын ұйымдастыру, жинақтау, сақтау;

Кітапқа деген сүйіспеншілікті арттыру;

Оқырмандардың танымдық әрекетін белсендіру;

Оқырмандарды кітапханаға тарту, кітапқа деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру, дамыту;

Кітап арқылы оқушылардың жан-дүниесін кеңейту;

Жас оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.

1. Кітапхана негізгі көрсеткіштері:

Көрсеткіштер	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Оқырмандар саны	285	274	278
Келушілер саны	1367	1254	1350
Кітап берілуі	2800	2604	3057
Оқылуы	26,5	26,8	26,9
Қор айналымдығы	2,5	2,3	2,5
Келу	14,2	13,6	14,6

2.Кітапхананың материалдық-техникалық қамсыздандырылуы:

Р\с	Құрал жабдықтың атауы	Саны
1	Кітап сөресі	10
2	Көрмелерге арналған сөре	2
3	Оқырмандарға арналған үстел	4
4	Компьютер үстелі	1
5	Формулярға арналған каталог	1
6	Орындықтар	8
7	Моно блок	5
8	Өрт сөндіргіш құралы	1

3.Қор туралы мәлімет:**Соңғы көрсеткіштер**

Кітапхана қоры	оқулықтар	қазақ тілінде	көркем әдебиет	ағылшын тілінде	орыс тілінде
9443	7756	6289	1687	500	750

4.Ғылыми , көркем әдебиеттердің орналастыру тәртібі – ББК

Қор құрамы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Кітап қоры	8292	8664	9443
Оқулықтар	6642	7014	7756
Ғылыми әдебиеттер	206	206	206
Көркем әдебиеттер	1650	1650	1687
Электронды оқулықтар	57	57	57
Брошуралар	0	0	65

5.Оқулық туралы мәлімет

р/с	Сыныбы	Оқушылар саны	Кітапханадан алынған оқулық саны	Жеке тапқан оқулық саны	Қамтамасыз ету пайызы
1	7-сынып	44	748	-	100%
2	8-сынып	44	924	-	100%
3	9-сынып	46	1104	-	100%
4	10-сынып	44	1232	-	100%
5	11-сынып	42	1218	-	100%
6	Барлығы	220	5226	-	100%

Жаңа оқу жылына дайындық әдетте оқушыларды оқулықпен қамтамасыз етуден басталады. 2023-2024оқу жылында оқушылар оқулықпен 100% қамтылды.

Кітапхана – ғасырдан ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей әкеле жатқан шырағы биік, парасаттылық пен біліктіліктің киелі ордасы. Заман талабына сай бүгінде мектеп кітапханасына жүктелген жауапкершілік те үлкен. Кітапханаларға қойылатын жаңа талаптар жаңа шараларды туғызуда. Кітапханалық іс-шаралар үнемі өсіп,өзгеріп,жетіліп отырады. Кітапханада өткізілетін кітапханалық сабақтар, әр түрлі кездесулер, кітап көрмелері,конференциялармен қатар жеке мақсаттық бағдарламалар оқырмандарды кітапханаға келуге деген қызығушылығын арттыруға үлес қосуда.

2023-2024 оқу жылында мектеп-интернат кітапханасының қоры 742 дана оқулықпен толықтырылды.

7 сыныптардың оқулықтары түгелдей дерлік жаңартылған мазмұндағы оқулықтармен алмастырылды.

Жаңа оқу жылында іс-шаралар жоспары түзіліп, есеп бөліміне кітап қорының соңғы көрсеткіштер есебі берілді. Кітап қорынан ескірген, бағдарламаға сай емес оқулықтар қор есебінен шығарылды. Мектеп-интернат қызметкерлерін мерзімдік баспаларға жазылу жұмыстары жүргізілді. Қыркүйекте мектеп кітапханасының жұмысын «Буккросинг» акциясымен бастадық. Буккросинг – бұл жахандық кітап алмасу жобасы. Акцияның мақсаты – кітап жаппай оқу және танымал құбылыс болуы. Буккросингтің басты принципі: «Оқып болсаң – басқаға бер»

Мақсаты:

«Буккросингтің» басты мақсаты - үйімізде жатқан немесе оқылған кітаптарға «екінші өмір сыйлау», оқырмандар арасында «кітап алмастыру» акциясын жүргізу, әр түрлі жастағы оқырмандарды кітап оқуға шақыру, кітапханаға оқырмандарды тарту; күнделікті өмірдегі әр оқырманның кітап оқу әрекетін танымал етуге өз үлесін қосу.Кітапханада «Bookcrossing» кітап сөресі орналасқан.Оқырмандар сөремізден кез келген кітапты алып, ал оқыған соң, оны өзінің достарына немесе таныстарына оқуға бере алады. Сондай-ақ оқырмандар өзінің оқыған кітаптарын да буккроссингке қатысу үшін әкеле алады.

Буккроссинг оқырмандарды оқуға және кітаптарға деген көзқарасын өзгертеді.



Сонымен қатар мектепте «Оқуға құштар мектеп» бұрышы жасалынды. Мақсаты: Өскелең ұрпақтың оқу сауаттылығын арттыру, оқу мәртебесін, оқу белсенділігін және оқу сапасын арттыру. Еліміздегі кітапханалар ахуалы мен көркем әдебиеттерге деген оқушылар мен жастардың қызығушылығын арттыру.



Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернат кітапханашысының ұйымдастыруымен қазақ айының 18-жұлдызында «Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы жобасы аясында Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл толуына орай ұсынып оқушыларына «Алаштың дүлдүл ақыны» атты әдеби кеш және кітап көрмесі» ұйымдастырылды.

Мақсаты: Қазақтың көрнекті ақыны, ағартушы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен шығармашылығын таныстырып, қазақ әдебиетіндегі ақынның шығармалары арқылы оқырмандарға үлгі өнеге тұтып, болашақта туған халқының патриоты болуына насихаттау. Әдеби кеш барысында оқушылар ақын өмір жолымен, шығармаларымен таныстырылып, өлең жолдарын оқыды.



Мектеп-интернат кітапханасында қазан айында Қазақ халық ақыны, тарихшы этнограф, аудармашы, танымал халық ауыз әдебиетін жинаушы Мәшхүр Жүсіп Көпейұлының туғанына 165- толуына орай шығармаларымен танысу кеші болып өтті.ұсынып оқушылары М.Ж.Көпейұлының туындыларымен, өмірбаянымен танысты. Мақсаты: Оқушыларға М.Ж.Көпейұлының өмірі,шығармашылығынан мәлімет бере отырып жан-жақты қырларын ашу. Оқушылар бойында ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру. Ақынға, еліне, тіліне деген патриоттық сезімдерін ояту.Көрнекілігі: Суреті, баспа материалдары, сызбалар, кітаптары.



Мектеп-интернат кітапханасында 7-сынып оқушыларына қараша айында жоспарға сай «Біз бақытты баламыз» тақырыбында сұрақтар мен жауаптар кеші ұйымдастырылды. Мақсаты: Адам өмірінің ең қызықты да, бақытты сәті балалық кездің қызықтарын туралы айту, бақыт, қуаныш, сүйіспеншілік құндылықтарының мағынасын терең түсіндіру; Адами қасиетін



дамыту, сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Оқушыларға тақырып бойынша түрлі сұрақтар қойылып,






жауаптар алынды. Оқушылар белсене қатысып өз ойларымен бөлісті.Өздернің балалық шақтарын еске түсіріп,қызықты кездерімен бөлісті.

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернат кітапханасында жыл бойы әртүрлі тақырыптарға сай, ұлы ақынөжазушылардың, ғалымдар мен өнер иелеріне арналған кітап көрмелері ұйымдастырылып тұрады. Бұл көрмелердің мақсаты оқушыларға өнер иелерінің туындыларымен, ақынөжазушылардың өмірбаянымен, шығармаларымен таныстыра отырып, ұлтжандыққа тәрбиелеу, құндылықтарымызды дәріптеу, Осындай көрмелердің бірқатары қазан айында жасалынып,оқушыларға таныстырылды. Ұлы ғұлама Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930-жыл толуына орай, балалар жазушысы Мұзаффар Әлімбаевтың және де жазушы Тахауи Ахтановтың туғанына 100- жыл толуына орай кітап көрмесі көпшілік назарына ұсынылды.

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернат кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 9- сынып оқушыларына «Абай дана - Абай дара қазақта» тақырыбында әдеби кеш ұйымдастырылды. Мақсаты: Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының шығармаларын насихаттау, оқушыларға Абай өлеңдерін және қара сөздері мен поэмаларын терең меңгерту, сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, оқушыларда шығармашылық қабілетін дамыту, адамгершілікке, поэзияға деген сүйіспеншілікке, рухани құндылық негізінде тәрбиелеу. Іс-шара барысында Абай шығармаларына шолу жасалынып, оқушылар өлең жолдарын мәнерлеп оқыды. Өз кезегінде оқушылар Ұлы ғұлама ақынның қара сөздерінен үзінді келтіріп, тәрбиелік мәні жөнінде өз ойларын айтып өтті.



16.02 күні Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында "Қазақ даласының ұлы тұлғалары" Оқуға құштар мектеп жобасы аясында балалар әдебиетінің бәйтерегі Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл атты сыныптан тыс шара ұйымдастырылды. Іс шараның мақсаты: Қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығын таныстыра отырып, оқушының кітап оқуға деген қызығушылығын дамыту. Ойлау қабілеттерін, көркем жеткізе білу дағдыларын дамыту. Кішкентай оқырмандар балалардың сүйікті "Менің атым Қожа" шығармасы бойынша балалықтың бал дәуренінде түрлі оқиғаларды басынан өткізген Қожаның отбасындағы, мектептегі тәртібі мен тәрбиесі туралы көрініс көрсетті. Сонымен бірге, оқушыларға шығарманың балаларға берер тәрбиелік мән-мағынасы туралы сөз қозғалып, викториналық сауалдар жолданды. Шара барысында, оқушылар "Егер мен Қожаның орнында болсам...", деген тақырыпта өз ойларын ортаға салды. Қанша уақыт өтсе де, құнын жоймайтын, халықпен бірге мәңгі жасайтын шығармалар жазған Бердібек Соқпақбаевтың есімі мәңгі өлмек емес. Баршаңызды Бердібек Соқпақбаевтың






шығармаларын

оқуға


шақырамыз!

15.02.күні Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында 15.02.2024 жылы мектеп кітапханашысы Жулумбетова Алтынайдың ұйымдастыруымен 7-сынып арасында Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл толуына орай "Алаш жолы" тақырыбында жазушының мұрасын оқушыларға таныстыру және оның шығармашылығын насихаттау мақсатында сыныптан тыс жұмыс көрсетті. Балалар жазушының өмірі мен шығармашылығынан қосымша көптеген мәліметтер алды.





15.03 күні Мектеп-интернат кітапханасында жоспарға сай "Оқуға құштар мектеп" жобасы және "Балалар кітапханасы" бағдарламасында "Тарихы терең Әз Наурыз" тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты: Оқушыларға Наурыз мерекесі туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін, ұлттық дүниетанымын, ұлттық киімдерін насихаттау. Халқына деген мақтаныш сезімін ұялату, ана тілімізді, мәдениетімізді, өнерімізді қастерлеуге баулу.



"Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп интернатында" Республикалық "Оқуға құштар мектеп" челленджі ұйымдастырылды

Челлендж мақсаты: Білім алушылардың кітап оқу мәдениетін дамыту және белсенді кітап оқуға



тарту. Кітаптың адам өміріндегі орны туралы түсінік беру, сөйлеу мәдениетін арттыру, кітапты сүйе білуге, кітапты қадірлеуге, өз ойын дұрыс жеткізе білуге баулу. Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыра түсіріп, білімнің кітапта екенін ұғындыру. Кітап оқу - тұлға болып қалыптасуға ықпал ететін бірден - бір күш.



Түркістан облысының білім басқармасының "Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп - интернаты" КММ оқушылары Жеткіншектің жеті жарғысы жобасы аясында Аудандық орталық кітапханада оқырманға кітап және ғаламтор туралы толық мәлімет беру, ой өрісін дамыту, өз ойларын ашық, нақты, тиянақты, жеткізе білуге тәрбиелеу мақсатында "Кітап және Ғаламтор" тақырыбында дебат өткізілді. Дебатқа мектебіміздің 8,9,10 сыныптары және №1,№2 мектеп оқушылары қатысты. Іс шара барысында кітап пен ғаламтордың пайда болуы жайлы, сонымен қатар ғаламтор досымыз ба? әлде жауымыз ба? деген сұрақтар бойынша пікірлер тыңдалды. Жактаушы топ пен даттаушы топтың ойлары ортаға салынып өте әсерлі дебат өтті. Біздің мектебіміздің оқушылары өздеріне берілген



тақырыпты ашып, өз ойларын еркін жеткізіп, белсенділік танытып пікір сайыстың қызықты өтуіне атсалысты.

"Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп - интернатының" кітапханасында 23 сәуір дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күніне орай "Адамды адам еткен - кітап, адамзат еткен - кітапхана тақырыбында мектеп кітапханашысы 7 сынып оқушыларының қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастырды. Оқушылар жаңадан келген қызықты кітаптармен танысып, түрлі сұрақтарға жауап берді. Дөңгелек үстел мақсаты: "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында оқырмандардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру, кітапханаға оқырмандарды тарту, оқырмандардың ой-өрісін дамыту, рухани тәлім тәрбие беру



Мектеп интернат кітапханасында 17 сәуір "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында қазақ халқының көрнекті ақыны, жазушы, драматург және ірі қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толуына орай 9 сынып оқушылары арасында «Сәкен – жырдың сарқылмасдариясы» атты әдеби іс шара ұйымдастырылды. Мақсаты: Ақынның сыршыл лирикасының табиғатын таныту, оқушылардың мәнерлеп оқу дағдыларын жетілдіру, жас ұрпақты еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күрескен, Алаштың ардақтысы Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармаларын оқып білуге баулу, ақынның өз заманындағы саяси-қоғамдық көзқарасын таныту, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу.



Мектеп - интернет акт залында жоспарға сай Ілияс Жансүгіровтің туғанына 130 жыл толуына орай 8 сынып оқушылары мен "Қазақ әдебиетінің құлагері" атты әдеби сазды кеш өткізіліп, кітап көрмесі ұйымдастырылып, Ілияс Жансүгіровтің өмірі мен шығармашылық жолына шолу жасалды.

Ілияс Жансүгіров – ақын, драмашы, прозашы, оның поэзиясы ұлттық әдебиеттің классикалық байлығының қатарына жатады. Ол қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. І.Жансүгіровтің шығармашылығы көп қырлы, алуан сырлы. Поэзия, проза, драма салаларындағы шығармаларына өзі ғұмыр кешкен ортадағы нақтылы өмір көріністерінен бастап, тарихи тақырыпқа дейін арқау болып отырады. Оның қаламынан туған «Күй», «Дала», «Күйші», «Құлагер» сияқты он беске жуық көлемді поэма қазақ поэзиясының інжу маржаны болып табылады. І.Жансүгіровтың прозалық шығармаларының ішіндегі көлемдісі - «Жолдастар» романы. Қаламгер әдебиет сыны мен аударма саласында да өнімді еңбектенді. А.Пушкиннің көптеген өлеңдеріне қоса, «Евгений Онегин» романын қазақ тіліне алғаш рет толық аударды. Сондай-ақ, М.Лермонтовтың, А.Горькийдің, Н.Некрасовтың, В.Маяковскийдің көптеген шығармаларын қазақ тіліне тәржімалады.



Төлеби ауданының аудандық кітапханасы мен Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп интернатының кітапханашысының ұйымдастыруымен «Каникулда кітап оқиық» буккроссинг Республикалық акциясы өткізілді. Жазғы каникул қарсаңында 8-сыныптар аралығында оқушылар өздерінің оқыған кітаптарымен бөлісіп, өз ойларын түсінгендерін айтып берді және де өздерінің оқыған кітаптарын сыныптас достарына оқуға кеңес береді.

Буккроссингтің мақсаты: Кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқушыларға өзін оқып, өзгеге ұсыну, кітап оқуға шақыру, кітап ұсынымдарымен бөлісу және кітап оқуға



кеңес беруді ұғындыру.

11 мамыр Төлеби аудандық Мәдениет үйінде қоғам қайраткері Зейнеп Ахметовамен кездесу өтті "Бабалар аманаты" тақырыбындағы кездесу кешінде жазушы өмір баспалдақтарында кездесетін жайттар, қазақтың салт дәстүрінің артықшылықтарын әңгімелейді.

✓ Бауыржан Момышұлының келіні, «Шуақты күндер», «Бабалар аманаты», «Күретамыр» кітаптарының авторы, жазушы Зейнеп Ахметова кездесуде жастар бойына патриоттық тәрбие сіңіріп, оларды отаншылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу қажеттігін түсіндірді.

✓ Кездесуде Зейнеп Ахметова ұлттық тәрбие, рухани құндылық, салт-дәстүр, ене мен келін арасындағы қарым-қатынас, бабалар аманатын жеткізіп, бала тәрбиесі туралы өзінің өмірден түйген тәжірибесінен кеңінен әңгімелейді. Екі сағатқа созылған кездесуде дін мен дәстүр жалғастығын түсіндіріп, жастарды игі іске жұмылуға, тарихты құрметтеп, өткенге салауат, келешекке сенім артуды үйретті.

✓ "Бабалар аманаты" тақырыбындағы кездесу кешіне "Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп интернатының" 10сынып оқушылары мен Мектеп психологы, ағылшын пәнінің мұғалімі және мектеп кітапханашысы керемет



кездесудің куәсі болып қайтты.

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында кітап оқитын ұрпақ тәрбиелеу мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 7- 9 сыныптар арасында «Ең үздік оқырман» сайысы ұйымдастырылды. **Мақсаты:** ұлттық сана-сезімі жоғары, рухани ойлауы терең, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор ұрпақты кітап арқылы тәрбиелеу. Кітап оқуға баулу. Көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылығын ояту.

Оқушылардан өздері оқыған кітаптарынан тест алып, эссе жаздырып мектебіміздің ең үздік оқырманын анықтадық.



7 - 9 сынып арасынан Ең үздік деген 14 оқушы анықталды. Оқушыларды ынталандыру мақсатында Ең үздік оқырман оқушымыз бас жүлденің иегері 7 сынып оқушысы Убайдулла Мерейге мектеп тарапынан велосипед сйланды. Қалған 13 оқушымызға ақшалай сертификаттар берілді.



Мектеп кітапханашысы: Жулумбетова Алтынай

